

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасында білім және ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қыркүйек N 1250

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы білім және ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен жоғарыда көрсетілген келісімді жасасу туралы украин тарабымен келіссөздер жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Нұралы

Сұлтанұлы Бектұрғановқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасында білім және ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы білім және ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар жөніндегі құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы
Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті, бұдан әрі "Тараптар",

білім және ғылым саласында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдетуге ықпал етуге тілек білдірді,

білім және ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы білім жөніндегі

құжаттарды өзара тану нормаларын белгілеу мақсатында
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінде берілетін білім, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарға қолданылады.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінде берілген мемлекеттік үлгідегі жалпы орта білім жөніндегі құжаттар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес білім алуды келесі деңгейде жалғастырған жағдайда өзара танылады және баламалы болады.

3-бап

Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарын бітіргені туралы дипломдар мен аттестаттар, сондай-ақ Украинада кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіргені туралы дипломдар мен куәліктер берілген кәсібіне, мамандығына сәйкес жұмысқа қабылдану кезінде, егер олардағы кәсіптік мамандықтары бойынша оқу ұзақтығы мен оқыту мазмұны ұқсас болса, өзара танылады және баламалы болады.

4-бап

Тараптар тиісті оқу мерзімімен "кіші маман", "бакалавр", "маман" және "магистр" мамандығы берілгендігі туралы екінші Тарап мемлекетінің жоғары оқу орындары берген дипломдарына сәйкес келетін және егер оқу мерзімі, білім мазмұны мамандығы бойынша ұқсас болғанда оқуды жалғастыруға, сондай-ақ алған мамандығына сәйкес жұмысқа тұруға құқық беретін бір Тарап мемлекеті берген дипломдарды таниды.

5-бап

Жоғары кәсіптік білім беруге қатысты осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттеріндегі меншіктің барлық нысанындағы аккредитациядан өткен жоғары оқу орындарына қолданылады.

6-бап

Тараптар екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органы берген ғылыми дәрежелер мен атақтар жөніндегі мемлекеттік үлгідегі құжаттарды өз мемлекеттерінің аумақтарында таниды.

Осы құжаттардың салыстырмалылығы Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік органдары оларды иеленушілерді қайта аттестациялау барысында анықталады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары:

- Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

- Украин Тарабынан - Украина Білім және ғылым министрлігі және Украинаның Жоғары Аттестациялық Комиссиясы болып табылады.

7-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар білім және ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы мемлекеттік құжаттардың үлгілерін, сондай-ақ оларды ресімдеу және беру рәсімдерінің тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді бір-біріне береді.

8-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру мәселелері бойынша кеңесетін болады, олардың білім беру жүйесіндегі, білім және ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды берудің атаулары мен өлшемдеріндегі өзгерістер туралы бір біріне хабарлайды, ал қажет болған жағдайда бір біріне тиісті ресми түсініктер жібереді.

9-бап

Тараптар осы Келісімге іске асыру барысында туындауы мүмкін даулы мәселелерді шешу үшін сарапшылар комиссиясын (бұдан әрі - "Комиссия") құрады. Тараптар Комиссия құрамы туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

Комиссия осы Келісім қолданылатын Тараптар мемлекеттерінің барлық меншік нысанындағы жоғары оқу орындарының тізімін жаңартып отыратын болады.

Комиссия қажеттілікке қарай жұмыс істейді. Мәжілістің орны мен уақыты дипломатиялық арналар бойынша келісіледі.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

11-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетшілік рәсімдер орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны Тараптар алған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы келесі Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Осы Келісімнің қолданысы осындай хабарлама алған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда оның ережелері осы Келісімнің

қолданысы тоқтатылғанға дейін берілген білім және ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарға және осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін Тараптар мемлекеттеріне келген оқушыларға қолданылуы жалғастырылады. Білім туралы олар алған құжаттар осы Келісімнің

ережелеріне сәйкес баламалы болып танылады.

Астана қаласында 2001 жылы " ____ " _____ әр қайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украина Министрлер
Кабинеті үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.